

**"Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін көтерме жәрдемақы мен бюджеттік несие беру туралы" аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 36/212 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 27 шілдедегі N 44/251 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 23 тамызда N 13-6-174 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 6 қарашадағы N 22/137 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 06.11.2013 N 22/137 шешімімен**

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-бабына сәйкес, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 753 қаулысының негізінде аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. «Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін көтерме жәрдемақы мен бюджеттік несие беру туралы» аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 36/212 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылдың 26 қаңтарында № 13-6-160 тіркелген, 2011 жылдың 11 наурызында № 11(251) «Есіл таңы», 2011 жылдың 11 наурызында № 11(8530) «Ишим» аудандық газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«2. Есіл ауданының селолық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын маманмен өтініш берілген сомада бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау

Ұ с ы н ы л с ы н » .

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы Е. Оспанов

Аудандық мәслихаттың хатшысы Б. Шериязданов

Келісілді: 2011 жылдың 27 шілдесі

«Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданының ауыл шаруашылығы  
және ветеринария бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы Д. Позолотин

«Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданының экономика және  
бюджеттік жоспарлау бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы Г. Стороженко